

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 28 қарашадағы N 150э қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "2003 жылға арналған республикалық бюджеттік бағдарламалардың паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы N 1429 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 687-қосымшада :

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Алматы қаласында Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің арнайы мемлекеттік мұрағатын құруға арналған жалпы алаңы 2000 шаршы метр үй-жайға металл есік және құлпы бар металл тор орната отырып күрделі және ағымдағы жөндеу жүргізу. Арнайы мұрағаттың үй-жайына күзет-өрт дабылын жүргізу, электр сымын төсеу. Стеллаждар және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтар сатып алу.";

көрсетілген қаулыға 690-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі шаралар" деген 6-тармақ кестесінің 5-бағаны мынадай абзацпен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасы Қаржы полициясы агенттігінің Бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-телекоммуникациялық жүйесінің қолданыстағы "Жедел-қызмет әрекеті" және "Ақпараттық-талдау материалдары, шешімдер қабылдауды қолдау" ішкі жүйелерін жетілдіру жөнінде іс-шаралар өткізу, "Кадрлар", "Құжат айналымы" және "Ақпаратты қорғау" ішкі жүйелерін әзірлеу."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі